

				жер					
Жамбыл облысы	14 427,5	4693,0	672,2	175,0	11,6	4429,1	356,1	1601,2	11938,2

Суармалы егістік жерлерінің қайтарымының төмен болуына аймақтың көршілес Қырғызстанға суға тәуелділігі де әсер етіп отыр. Сондықтан, жалпы жер қорын пайдалану тиімділігін арттыру үшін жерді жүйелі түрде түгендеу және қайта қарау өте маңызды [2].

Осы мақсатта бөліммен жергілікті бюджет есебінен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге түгендеу жұмыстары жүргізілді. Бұрынғы саяжайлар, алма бақтары мен жүзімдіктер алып жатқан аумақтар зерттеліп, жеке тұрғын үй құрылысына берілген учаскелер тексерілді. Сонымен қатар, 2017 жылдан бастап егістік жерлерді игерудің ғарыштық мониторингі әдісі қолданысқа енгізілді.

Кесте–2.2021 жылғы 1 қарашадағы облысқа қатысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің алқап түрлері бойынша құрамы, млн.га

Облыстар атауы	Жалпы көлемі	А/ш алқаптары, барлығы	Егістік	Көпжылдық ерекшелік	Тыңайған жер	Шабындық	Жайылым
Жамбыл	4 693,0	4 557,9	781,5	3,7	-	119,7	3 653,0

Соның нәтижесінде игерілмей жатқан 236 мың гектар ауыл шаруашылығы жері мемлекет меншігіне қайтарылды. Бос аумақтар нақтыланып, геопорталға орналастырылды. Шартты жер үлестері бар облыс тұрғындарының есебін нақтылау жұмыстары басталды. Анықталған артығы да мемлекет меншігіне қайтарылады.

Жайылым тапшылығы да барлық өңірлерге тән өткір мәселеге айналып отыр. Облысымыздың жер қорында 8,1 миллион гектар жайылымдық жер бар. Оның 3,6 миллион гектары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде, тағы 2,7 миллион гектары босалқы және орман қоры жерлерінде орналасқан. Қолда бар малды шартты түрде орналастыруға жеткілікті сияқты. Алайда, оның негізінен үй шаруашылықтарында шоғырлануына және қолданыстағы мал жаю жүйесіне байланысты елді мекендерге бекітілген жайылымдық жерлер жеткіліксіз.

Прокуратура органдарымен бірлесе отырып 683 мың га жайылымдық жер тапшылығы анықталды, сондықтан бес бағытта жүйелі жұмыстар басталды, оның ішінде елді мекендер маңындағы босалқы санаттағы жайылымдық жерлерді ауылдық округтердің балансына беру. Сондай-ақ ауылдық округтерге бес шақырым радиуста елді мекендер аумағына іргелес

жатқан 200 мың гектарға жуық жайылымдық жерлерді бекіту жұмыстары басталып кетті. Орман қоры жерлеріне малды шығару да жолға қойылған. 2022 жылы елді мекендердің жайылымдарын ұлғайту үшін 420 мың гектарға жуық жерді қосымша беру жоспарлануда.

Тұрғындардың жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер теліміне сұранысын қанағаттандыру да республика көлемінде өзекті мәселеге айналып отыр. Бір ғана Жамбыл облысында 170 мыңға жуық тұрғын оларды қабылдау кезегіне тіркелген.

Жер заңнамасына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін беру елді мекеннің Бас жоспарына немесе дамытудың оңайлатылған схемасына сәйкес инженерлік инфрақұрылым желілері қосылған аумақтарда ғана жүзеге асырылады. Осы мақсатта 2011-2016 жылдар аралығында облыста барлық елді мекендерге бағдарлама жасалып, қажетті жер ресурстарымен құжаттары қамтамасыз етілді. Ендігі мәселе құрылыс алаңын инженерлік инфрақұрылым жүйелерімен қамтамасыз етуде.

Бір шақырым аралық су құбырын тартуға орта есеппен 23 миллион теңге, газ құбырының километріне 26 миллион теңге, электр желісіне қосуға 13 миллион теңге жұмсалатынын ескерсек, осы сандар айтарлықтай көп, ал шығындар әрқашан жергілікті бюджеттің құзырында бола бермейді. Республикалық бюджеттен қолдау қажет деп ойлаймын.

Тағы бір айта кетерлігі, жер телімдерін алу кезегіне тіркеу автоматтандырылған және мемлекеттік кадастрлық картаға енгізілген.

Жариялылық пен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында жер комиссияларының құрамына қоғамдық кеңестердің өкілдері, мәслихат депутаттары, мемлекеттік емес бірлестіктердің мүшелері тартылады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметтердің 90 пайызы электронды түрде көрсетіліп, өтіп жатқан жер аукциондары да сол форматқа көшірілген. Жер аукциондарын электронды форматқа көшіру жұмыстары жүргізілуде.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының 2021 жылғы жер жағдайы және оның пайдаланылуы туралы жиынтық талдамалы есебі. [Электрондық ресурс]. URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/land/documents/details/291911?lang=kk>(өтініш берген күні: 16.02.2023)

2 С.М. Viana, D. Freire, P. Abrantes et al Agricultural land systems importance for supporting food security and sustainable development goals[Text]/ A systematic review Science of the Total Environment, -2022.-№ 806. 15071 ISSN 00489697 <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2021.150718>